

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 11 қарашадағы № 984 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда № 2071 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 9 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің
13.01.2014 № 9 қаулысымен.
РҚАО - ның ескертпесі.**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 22-тармақшасына және 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасы бекітілсін.

2. «Тараз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың келіп түсу және пайдалану жөніндегі жұмыстарын ұйымдастырсын.

3. «Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аталған қағиданы баспасөз беттерінде және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Жақсылық Мырзабекұлы Сапаралиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б. Орынбеков

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидасы 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес жасалынды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қараусыз қалған жануарлар аудандық коммуналдық меншікке Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес оларды ұстап алған адамдардың өз меншігіне алудан бас тартқан жағдайда қабылданады.

2. Қараусыз қалған жануарлардың келіп түсуі және оны пайдалану

3. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қала, ауылдық (селолық) округі жергілікті атқарушы органына мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады.

Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді қалалық жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

3. Қараусыз қалған жануарларды қаланың коммуналдық меншігіне түсуі

4. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға к ө ш е д і .

Бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар коммуналдық меншікке түседі және жергілікті атқарушы органдары белгілейтін тәртіп бойынша пайдаланылады.

5. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды қалалық коммуналдық мүліктер тізбесіне енгізіп есепке алу және бағалау жүргізіледі. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарлар қалалық әкімдіктің қаулысымен тиісті әкім қабылдау - өткізу актісі негізінде аппаратының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Есепке алу және бағалау, сонымен қатар теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау - өткізу актісі негізінде жүзеге асырылады.

6. Жануарларды есепке алу, бағалау, сату шығындары жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7. Қалалық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарлар оларды уақытша күтімге алу үшін жергілікті атқарушы орган анықтаған жеке немесе заңды тұлғаларға «Тараз қалалық қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – қаржы бөлімі) келісім шарт негізінде бекітіліп беріледі.

8. Жануарларды уақытша күтімге алатын тұлғаларды анықтау кезінде міндетті түрде жануарларды күтімге алу үшін қажетті жағдайы (жануарлар үшін арнайы орын-жайы, табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жабдықтары, оларға күтім жасау тәжірибесі) болуы ескерілуі қажет.

9. Жануарларды ұстаған тұлға бағу мен пайдалануға берілген, жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.

10. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды ветеринариялық қадағалау және жұқпалы ауруларға қарсы егу іс-шаралары «Тараз қалалық ветеринария бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қадағалауымен жүзеге асырылады. Ветеринариялық қадағалау және егу шығындары жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

11. Қалалық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

- 1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне ө т е с і з б е р у ;
- 2) а у к ц и о н ар қ ы л ы с а т у ;
- 3) с а у д а ұ й ы м д а р ы ар қ ы л ы с а т у .

12. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудан әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі-комиссия) жануарлар уақытша күтімге берілген мерзім ішінде шешеді. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

3. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі

13. Жануарлар қалалық коммуналдық меншікке өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесі жануарларға құқық белгілейтін құжаттары және осы жануарлардың оған тиесілілігі туралы, немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде - тиісті жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша айқындалатын шарттары бойынша, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді т а л а п е т у г е құ қ ы л ы .

14. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды бағуға байланысты шығынды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

15. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл жағдайда жануарларды бағуға және пайдалануына байланысты жұмсалған қаржының м ө л ш е р і ш е г е р і л е д і .

16. Жануарларды қайтару немесе оның құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен қаржы бөлімі арасында жасалатын келісім – шартпен рәсімделеді.

4. Қорытынды ережелер

17. Жануарларды сатудан түскен қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне жатқызылады.